

Аягөз ауданының Мыңбұлақ ауылдық округінің Мыңбұлақ ауылында шектеу іс-шараларын енгізе отырып ветеринариялық режимін белгілеу туралы

Құшпін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Аягөз ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 10 мамырдағы N 525 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Аягөз аудандық әділет басқармасында 2011 жылғы 27 мамырда N 5-6-136 тіркелді. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Аягөз ауданы әкімінің аппаратының 2012 жылғы 20 наурыздағы N 05/754 хаты)

Ескерту. Қаулысының қабылдау мерзімінің өтуіне байланысты қолдану тоқтатылды (Аягөз ауданы әкімінің аппаратының 2012.03.20 N 05/754 хаты).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 18) тармақшасын және Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 10 бабы 2 тармағының 9) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Мыңбұлақ ауылдық округінің Мыңбұлақ ауылында ірі қара малдары арасында құтыру ауруының шығуына байланысты Аягөз ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аягөз ауданының Мыңбұлақ ауылдық округінің Мыңбұлақ ауылында ірі қара малдары арасында құтыру ауруының шығуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізе отырып, ветеринариялық режим белгіленсін.

2. Аудандық аумақтық ауыл шаруашылық инспекциясының мемлекеттік ветеринарлық-санитарлық бас инспекторына (А. Муканов, келісімі бойынша), аудандық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау басқармасының бастығына (М. Будукова, келісімі бойынша) жеке және заңды тұлғалармен орындауға міндетті ветеринарлық іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Аягөз ауданы әкімінің орынбасары М. Төлегеновке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ә. Мұхтарханов

Келісілді:

Аягөз аудандық аумақтық ауыл шаруашылық инспекциясының мемлекеттік

ветеринарлық-санитарлық
бас инспекторы А. Муканов
10.05.2011 ж.

Аягөз аудандық
санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау басқармасының бастығы М. Будукова
10.05.2011 ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК